

"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 4 желтоқсан N 1567

Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін дайындау және олардың сот төрелігін жүргізу жөніндегі кәсіптік деңгейін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы судьялар мен сот

жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Институт) құрылсын.

2. Институттың штат санының лимиті 26 бірлік болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Институттың жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Жұманазарова А.Б.